

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қарашадағы N 1104 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес және ағымдағы жылдың соңына дейін телекоммуникациялар саласын ырықтандыру бағдарламасының бірінші кезеңін іске асыруға қажетті нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ағымдағы жылдың соңына дейін телекоммуникациялар саласын ырықтандыру бағдарламасының бірінші кезеңін іске асыруға қажетті нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу жөніндегі жұмыстардың тізбесі бекітілсін.

2. 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 14 (он төрт) миллион теңге, оның і ш і н д е :

1) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігіне 4 (төрт) миллион теңге;

2) Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігіне 10 (он) миллион теңге бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 7 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 1 0 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ағымдағы жылдың соңына дейін телекоммуникациялар саласын ырықтандыру бағдарламасының бірінші кезеңін

**іске асыруға қажетті нормативтік құқықтық кесімдерді
өзiрлеу жөнiндегi жұмыстардың тізбесі**

р/с N	Жұмыстың атауы (аяқталу нысаны)	Аяқталу нысаны	Жауапты орындау. шылар	Орындалу мерзімі	Қаржы. ландыру көлемі, (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1	Байланыстың магистральдік операторын анықтау жөнiндегi талаптар мен өлшемдер жобасы	Нормативтік құқықтық кесiмнiң саны	АБА	2003	2 500 жылдың желтоқ.
2	Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін бюджетке төленетін ақының жылдық ставкалары	Нормативтік құқықтық кесiмнiң жобасы	АБА	2003	4 000 жылдың желтоқ. саны
3	Халыққа әмбебап байланыс қызметтерiн көрсететiн операторларға шығындарды өтеу үшін әмбебап байланыс қызметтерiнiң құнын субсидиялау ережесi	Нормативтік құқықтық кесiмнiң жобасы	АБА	2003	1 500 жылдың желтоқ. саны
4	Байланыс операторларының трафикті қосуға және өткізуге арналған тарифтерді есептеу әдістемесі ша)	Нормативтік құқықтық кесiмнiң жобасы	ТМРА	2004 (келі. сім бойын.	4 000 жылдың 1-тоқ. саны
5	Ұялы байланыс қызметтерiн көрсету ережесі	Нормативтік құқықтық кесiмнiң жобасы	АБА	2003	2 000 жылдың желтоқ. саны

Жиыны: 14 000 000 (он төрт миллион) теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК